№	**Іс-шара**	**Атқарылған жұмыс**	**Сілтемесі**
1	БІР БАЛАҒА - БІР ҚОЛДАУ, БІР ОТБАСЫҒА - БІР ҮМІТ!	«Мектепке жол» акциясы - әр баланың жаңа оқу жылын қуанышпен қарсы алып, білім алуға еш кедергісіз қадам басуына мүмкіндік беретін ізгілік пен жанашырлыққа негізделген маңызды бастама. Осы игі акция аясында мектебіміздің әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларына мектепке қажетті киім-кешек және ақшалай көмек көрсетіліп, балаларға нақты қолдау жасалды. Бұл қайырымды істің жүзеге асуына өз үлестерін қосып, балалардың қуанышына себеп болған мектебіміздің басшысы Құлмаханбет Ләззатқа, сондай-ақ әріптестеріміз Махимова Жамила, Қасымбекова Шолпан және Алшынбаев Ержанға шынайы ризашылығымызды білдіреміз! Ал осындай игі істің басы-қасында болып, әр баланың жағдайына бейжай қарамай, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың мәселесін назарда ұстап жүрген мектебіміздің әлеуметтік педагогы Мұсақұлова Қарлығашқа ерекше алғыс айтамыз! Балаға жасалған әрбір жақсылық - оның болашағына жасалған үлкен қолдау. Бір баланың жүзіндегі күлкі - бір отбасының қуанышы. Бір отбасыға көрсетілген көмек - үлкен үміттің бастауы. Ал бір адамның жасаған жақсылығы - өзгелерге үлгі болатын ізгілік. Осындай жүректен шыққан қайырымды істер мейірімді қоғамның, жанашыр ортаның және жарқын болашақтың негізін қалайды. Қайырлы істің қайыры мол болсын!	https://www.facebook.com/share/p/19Aqeqhy6n/

		Жасаған әрбір жақсылықтарыңыз еселеніп, өздеріңізге мың еселеп қайтсын! Балалардың қуанышы - бәрімізге ортақ қуаныш! Жақсылық жасайық. Жақсылықты жалғастырайық. Жақсылыққа себеп болайық! #МектепкеЖол #ЖақсылықЖалғасады #Қайырымдылық #БалағаҚолдау #Ізгілік #БалағаЖасалғанЖақсылық #ШардараМектепЛицей	
2	МЕКТЕП АСХАНАСЫ - БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ!	МЕКТЕП АСХАНАСЫ - БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ!	https://www.facebook.com/share/v/19bXkdDSWN/
3	БІР СЕБЕТ - БІР БАЛАҒА ҚУАНЫШ, БІР ҚОЛДАУ - БІР БОЛАШАҚҚА СЕНІМ!	«Мектепке жол» акциясы - балаға жасалған қамқорлықтың, мейірім мен жанашырлықтың жарқын көрінісі. Осы игі бастама аясында Шардара аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Ж. Нұрымбет және төраға хатшысы Б. Алшериева оқушыларға оқу құралдары салынған себеттерді табыстады. Бұл - жай ғана оқу құралдары емес. Бұл - балаға деген қамқорлық, білімге бастар жолға жасалған қолдау, ертеңге деген сенім! Жаңа оқу жылын қуанышпен қарсы алып, білімге құштар болып, биік белестерді бағындыруға ұмтылған әрбір балаға осындай қолдаудың орны ерекше. Балаға жасалған әрбір жақсылық - ел болашағына жасалған инвестиция!	https://www.facebook.com/share/p/1cNtTtvp3h/

		Ізгі ниет пен шынайы жанашырлық танытып, балалардың қуанышына себеп болған жандарға алғысымызды білдіреміз! «Мектепке жол» - мейірімнен басталып, болашаққа жол ашатын игі бастама!	
4	«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ – 2026» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ	Бір баланың қуанышы – баршамыздың бақытымыз! 2026 жылғы 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында елімізде дәстүрлі республикалық «Мектепке жол – 2026» қайырымдылық акциясы өтеді. Бұл акцияның басты мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалардың жаңа оқу жылына толық дайындалуына жағдай жасау, олардың сапалы білім алуына мүмкіндік туғызу және ешбір баланың әлеуметтік себептермен мектептен шет қалмауына ықпал ету. Жақсылық жасау – үлкен жүректің белгісі. Бір оқушыға көрсетілген көмек – оның болашағына салынған инвестиция. «Бір балаға қуаныш сыйла – болашаққа жол аш!» Баршаңызды қайырымдылық акциясына белсенді қатысып, бүлдіршіндердің жаңа оқу жылын қуанышпен қарсы алуына үлес қосуға шақырамыз!!!	https://www.facebook.com/share/p/1UFvRziMSd/
5	1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні	Балалардың балдәурен шағы бақытқа, күлкіге және шаттыққа толы болсын! #БалалардыҚорғауКүні #Қайырымдылық #ЖазғыСауықтыруАлаңы #БалаларБақыты #ШардараМектепЛицейі	https://www.facebook.com/share/v/1GmUmZr6oX/
6	1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні	Балаларға қуаныш сыйлаған игі іс 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп жанындағы жазғы сауықтыру	https://www.facebook.com/share/p/19SNiAU1LK/

		алаңында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйланды. Жеке кәсіпкер Боранбаев Шәкен ағайымыз балаларға балмұздақ пен тәтті сусындар таратып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Балғындардың жүзіндегі шат күлкі мен қуанышқа толы көңіл-күй - жасалған жақсылықтың айқын көрінісі болды. Осындай қайырымды ісімен өскелең ұрпаққа қамқорлық танытып, балалар мерекесінің сәнін келтірген Шәкен ағайымызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Жақсылық жасау - жүректің жылуы. Балаларға қуаныш сыйлаған әрбір игі іс сауап пен берекеге толы болсын! #БалалардыҚорғауКүні #Қайырымдылық #ЖазғыСауықтыруАлаңы #БалаларБақыты #ШардараМектепЛицейі	
7	«Әрбір бала – біздің жүрегімізде, әрбір баланың қуанышы – біздің бақытымыз!»	Балалардың жүзіндегі күлкі – қоғамның ең қымбат байлығы. Осы орайда, Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында игі шара ұйымдастырылды. Аталған білім ордасының әлеуметтік педагогтары Қ.Мұсақұлова мен Р.Алимбаева үйде білім алатын оқушылардың шаңырағына арнайы барып, тәттіге толы себеттерін табыстап, бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл-күй мен ыстық ықылас сыйлады.	https://www.facebook.com/share/p/1Kkx3h1HR4/

		Бұл – мейірім мен қамқорлықтың, адамгершілік пен жанашырлықтың айқын көрінісі. Мектеп-лицей ұжымы әрдайым әр баланың бақытты балалық шағы мен жарқын болашағына бейжай қарамайды. Балғын бүлдіршіндердің дендеріне саулық, жүздеріне күлкі, көңілдеріне шаттық, отбасыларына амандық пен береке тілейміз!	
8	«Балаға жанашырлық – болашаққа жасалған қамқорлық!»	2026 жылдың 12 мамыр күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде тәуекел топтағы оқушылармен ЦПП қызметі аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мектеп-лицейіміздің педагог-психологтары Ф. Жұмабаева, А. Арын және әлеуметтік педагогтар Р. Алимбекова, Қ. Мұсақұлова жоспарға сәйкес оқушылардың психологиялық көңіл күйі мен әлеуметтік жағдайын бақылауға алып, тұрақты түрде жеке кеңестер ұйымдастыруда. Сонымен қатар сынып жетекшілері мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларды мектеп өміріне белсенді қатыстыру бағытында түрлі тәрбиелік шаралар өткізілуде. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, отбасылық жағдайларға талдау жасалды. Қажетті жағдайда үйге бару жұмыстары ұйымдастырылып, әлеуметтік көмек көрсету жолдары қарастырылды. Оқушыларды қоғамдық жұмыстарға, үйірмелер мен спорттық іс-шараларға тарту арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Әрбір бала – қоғамның баға жетпес байлығы. Олардың жүрегіне мейірім сыйлап, сенім ұялату, дұрыс бағыт-бағдар беру – ұстаздар мен ата-аналардың ортақ міндеті. Себебі жарқын болашақ	https://www.facebook.com/share/p/18M3zQbNz3/

		– балаға көрсетілген шынайы қамқорлықтан басталады.	
9	«Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауы	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің оқушылары «Менің Отаныма – менің бастамам» атты шығармашылық жобалардың облыстық байқауына белсенді қатысуда. Аталған байқау – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және туған елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі. Байқаудың басты мақсаты – оқушылардың тың идеяларын қолдау, олардың бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру және қоғамға пайдалы жобаларды насихаттау. Қатысушылар өз жобалары арқылы туған өлкенің дамуына үлес қосу жолдарын ұсынып, өз ойларын шығармашылық тұрғыда дәлелдейді. Аталған байқаудың «Жақсылық керуені» номинациясы бойынша 5 «Ә» сынып оқушысы Нұрлыбек Ақниет Нұрғалиқызы өз жобасын ұсынып, белсенділік танытуда. Жас талантқа сәттілік тілейміз!	https://www.facebook.com/share/v/19sCCqRZLy/
10	Бракераж комиссиясы	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің асханасында бракераж комиссиясы тарапынан тазалық жағдайы мен ас мәзірінің сапасына жоспарлы тексеру жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/v/1Eq3HyC5je/
11	Кел , Жаңа жыл төрлет	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ерекше білімді қажет ететін балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында іс-шара өтті. Биылғы 2026 жыл – Жылқы жылы, сондықтан мектеп-	https://www.facebook.com/share/p/18isLdkhU5/

		лицейде қызықты ойындар ұйымдастырылып, балалардың достық қарым-қатынасын арттыруға және бірлікке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді. Іс-шараға мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э. Кулиева, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, арнайы педагог Қ. Нұржанова қатысып, балаларды мерекемен құттықтап, жаңа жылдық тәттілерден жасалған сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, шағын концерттік бағдарлама көрсетіліп, балалар жақсы көңіл-күймен тарады.	
12	«Шын жүректен» «Жақсылық жасап жарысайық» челленд	Жақсылық – жүректен басталып, әлемді нұрға бөлейтін ұлы күш. Бүгінгі күні мектебімізде игі істерге үндейтін «Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі қарқынды түрде жалғасуда. Әрбір жасалған жақсылық – бір жүрекке қуаныш, бір жанға үміт сыйлайды. Оқушыларымыз мейірімділік, қамқорлық, сыйластық сынды асыл қасиеттерді дәріптеп, айналасына жылулық таратуда.	https://www.facebook.com/share/v/1L2bUaF9ck/ https://www.facebook.com/share/v/19YMhSqu3p/ https://www.facebook.com/share/r/1C7ELGodFW/ https://www.facebook.com/share/v/1BP3aKqSTs/ https://www.facebook.com/share/v/1CYfdrD57x/ https://www.facebook.com/share/v/1HeEZC8w78/
13	«Қыз бала- ұлт болашағы»	Мамандармен кездесіп, көкейде жүрген сұрақтар қойылды	https://www.facebook.com/share/v/1UctPuEEEf/
14	Мектеп асханасы	Мектеп-лицей асханасында әр тағам санитарлық талаптарға сай, балалардың денсаулығына пайдалы әрі дәмді етіп әзірленеді!	https://www.facebook.com/share/v/19SgTuvrY4/
15	«Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» акциясы	Мектеп-лицейіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» республикалық акциясына белсенді түрде қатысып, оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға адам құқықтарын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Акция аясында мына бағыттарға ерекше назар аударылды:	https://www.facebook.com/reel/4364772497176181?sfnsn=wa&mibextid=6AJuK9 https://www.facebook.com/share/r/14rm9Pf8qnW/

		◆ Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру; ◆ Құқықтық сауаттылықты арттыру; ◆ Балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау; ◆ Зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын нығайту. Барлығымыз бірге қауіпсіз әрі мейірімді қоғам құруға үлес қосайық! #БізЗорлықЗомбылыққаҚарсымыз #ҚауіпсізМектеп #БалалардыҚорғайық	
16	15 наурыз Қайырымдылық күні	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурыз мерекесі Мемлекет басшысы 2026 жылы мақұлдаған «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес жаңартылған форматта атап өтілуде. Наурызнама онкүндігі аясында 2026 жылдың 13 наурыз күні Қайырымдылық күніне орай «Мейірімділік жүректен» атты акция ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті. «Мейірімділік жүректен» акциясы – қайырымдылық пен қамқорлықты дәріптеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастама. Оның басты мақсаты – қоғамда жанашырлық пен ізгілікті арттыру, адамдарды мейірімділікке үндеп, мұқтаж жандарға қолдау көрсету. Акция барысында әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетілді. Аталған іс-шараның өз деңгейінде өтуіне мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы Қ. Мұсақұлова мен бастауыш сынып мұғалімі Д. Үсенбаева белсенді атсалысып, оқушылардың жүрегіне ізгілік пен қайырымдылықтың мәнін ұялата білді.	https://www.facebook.com/share/p/1EtGZFrXkL/ https://www.facebook.com/share/v/19vRHdEisZ/

		Ізгілік пен мейірім – қоғамның басты құндылығы. Қайырымдылық жасау арқылы біз бір-бірімізге жылулық сыйлап, адамгершілік жолын нығайтамыз!	
17	«Құқық бұзушылық және вандализм» тақырыбында дөңгелек үстел	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Құқық бұзушылық пен вандализмнің айырмашылығы» тақырыбында 10 «В» сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараны әлеуметтік педагог Алимбекова Раушан әріптесіміз жүргізіп, оқушылармен бірге аталған тақырып аясында мазмұнды пікір алмасу жүзеге асты. Дөңгелек үстел барысында құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ вандализмнің қоғамға тигізетін кері әсері кеңінен талқыланды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықтық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік алды. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақтың заңға құрметпен қарауына, жауапкершілік сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.	https://www.facebook.com/share/p/19Vbb4hAF5/
18	«Денсаулық-адам өміріндегі ең үлкен байлық»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 06.04.2026 жылғы №270 бұйрығына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде 2026 жылдың 06–10 сәуір күндері аралығында “Денсаулық және адам құқықтары” апталығы аясында "Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық” атты тақырыпта түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп-лицейіміздің медбикесі Игиликова Күләш апай оқушыларға денсаулықты	https://www.facebook.com/share/p/1AquTAjGYL

		сақтау, дұрыс тамақтану және жеке гигиена ережелері туралы кең көлемде ақпарат берді.	
19	Бракераж комиссиясы асхананың жұмысын бақылау мақсатында мониторинг жүргізді	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 2025 жылдың 03 қараша күні білім беру ұйымында оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы мен бекітілген тағам мәзірінің талапқа сәйкестігін анықтау мақсатында бракераж комиссиясы мониторинг жүргізді. Мониторинг жұмысына мектеп-лицей директоры Л.Құлмаханбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Махимова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Есенбаева, әлеуметтік педагогтар Қ.Мұсақұлова және Р.Алимбекова қатысты. Комиссия мүшелері асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдаймен, тағамдардың сапасы мен мәзірдің талапқа сәйкестігімен танысып, оқушылардың тамақтану процесін бақылап шықты.	https://www.facebook.com/share/p/1DrbApyew8/ https://www.facebook.com/share/v/1FPa42dFQo/
20		#ОтбасыКүні #МеніңОтбасым #ШардараМектепЛицейі «Менің отбасым!» Отбасы күніне орай оқушылардың шығармашылығынан	https://www.facebook.com/share/v/1Hptgsjvk9/
21			https://www.facebook.com/share/v/1AE1b9SDKD/
22	Дұрыс тамақтану	#МектепАсханасы #ДұрысТамақтану #СалауаттыӨмірСалты #ШардараМектепЛицейі Мектеп асханасы – денсаулық кепілі!	https://www.facebook.com/share/v/1EnhNLkvQM/
23	Бракераж комиссиясының асханаға мониторинг жүргізуі	Бракераж комиссиясының асханаға мониторинг жүргізуі Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде бүгін, 2025 жылдың 13 қазан күні білім беру	https://www.facebook.com/share/p/1ce874ag9v/

		ұйымында оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы мен бекітілген тағам мәзіріне сәйкестігін анықтау мақсатында мектеп-лицей директорының міндетін атқарушы С.Қалшабеков, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Махимова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Есенбаева, әлеуметтік педагогтар Қ.Мүсақұлова және Р.Алимбекова мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында комиссия мүшелері: ✓ тағамның сапасына; ✓ мәзірге сәйкестігіне; ✓ бақылау порциясының мөлшеріне; ✓ санитарлық талаптардың сақталуына ерекше назар аударды. Бұл жұмыс – оқушылардың денсаулығын сақтау мен дұрыс тамақтануын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Білім алушылардың денсаулығы мен дұрыс тамақтануы – біздің басты назарымызда!	
24	«Отбасы тәрбиесі» айлығы аясында «Дені сау ұрпақ» қайырымдылық акциясы	#ОтбасыТәрбиесі #ДеніСауҰрпақ #ҚайырымдылықАкциясы #ШардараМектепЛицейі «Отбасы тәрбиесі» айлығы аясында «Дені сау ұрпақ» қайырымдылық акциясы Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 11 қыркүйек күні «Отбасы тәрбиесі» бағыты бойынша айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Дені сау ұрпақ» тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында жетім балалар, қамқорлықсыз қалған балалар мен мүмкіндігі	https://www.facebook.com/share/p/1CPATyANXU/

		шектеулі балаларға қолдау көрсетіліп, қамқорлық пен мейірімге толы отбасылық күн өткізілді. Бұл бастама оқушылардың бойына ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік қасиеттерін дарытып, қоғамда бауырмалдық пен өзара қолдау сезімін нығайтуға бағытталды. Қайырымдылық – жүректен жүрекке жол табатын асыл қасиет.	
25	Асханадағы бір күн!	#Oqu_agartu_ministrligi_ #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Адал_азамат_ #Қыркүйек_ #Еңбекқорлық_және_кәсіби_біліктілік_айы_ #Түркістан_облысының_білім_басқармасы_ #Шардара_ауданының_білім_бөлімі_ #АсханадағыБірКүн #ДұрысТамақтану #ШардараМектепЛицейі Асханадағы бір күн! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Шардара» мектеп-лицейінің асханасында оқушылардың денсаулығы мен дұрыс тамақтануы басты назарда. Күнделікті ас мәзірі дәруменге бай, құнарлы тағамдардан жасалып, балалардың жас ерекшелігіне сай ұсынылады. Таңертеңгілік ас – оқушыларға сергектік пен күш-қуат берсе, түскі ас – сабақтан кейінгі белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Асхана ұжымы әр тағамның сапасы мен тазалығына жіті көңіл бөліп, балаларға жайлы орта қалыптастыруға бар күшін салуда. Дұрыс тамақтанған бала – дені сау, ойы ұшқыр, болашағы жарқын тұлға!	https://www.facebook.com/share/v/18cKndhW2X/

26	Мектеп асханасы – денсаулық кепілі!	#МектепАсханасы #ДұрысТамақтану #СалауаттыӨмірСалты #ШардараМектепЛицейі Мектеп асханасы – денсаулық кепілі! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейіндегі басты құндылық – сапалы біліммен қатар, оқушылардың дұрыс тамақтануы мен денсаулығын сақтау. Осы мақсатта аталған білім ордасы асханасы оқушыларға санитарлық талаптарға сай, таза әрі жайлы ортада қызмет көрсетуде. Асханада күн сайын балалардың жас ерекшелігіне сай тағамдар дайындалып, мәзір құрамына дәруменге бай, құнарлы ас түрлері енгізілген. Таза су, ыстық тамақ және түрлі пайдалы сусындар оқушылардың бойына қуат беріп, сабақ үлгерімін жақсартуға ықпал етуде. Мектеп – лицейіміздің әлеуметтік педагогтары Мұсақұлова Қарлығыш, Алимбекова Раушан және асхана ұжымы балалардың денсаулығы – бірінші орында деген қағиданы берік ұстанып, әрбір тағамның сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше мән береді. Асханасының басты мақсаты – жас ұрпақтың дені сау, күш-қуаты мол, ойы сергек болып өсуіне жағдай жасау. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі! Ал дені сау ұрпақ – ел болашағы!	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0g7iBfAYFEm4LsxsShyF27mdzBLY7Es
27	1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні	#БалаларҮні #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Адал_азамат_ #1_маусым_халықаралық_балаларды_қорғау_күні_	https://www.facebook.com/share/v/1LFPdYBqtw/

28	«Қош бол, қызықты Шағала лагері!» жазғы сауықтыру алаңының жабылу салтанаты	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде жазғы демалыс лагері оқушыларымен танымдық психологиялық ойындар өткізіліп, есте сақтау қабілеттерін нығайту, сергіту, ұжымдыққа баулу мақсатында түрлі ойындар ұйымдастырылды. «Балаға қуаныш сыйлай отырып, оқыта тәрбиелеуге міндеттіміз» - деп, аталған білім ордасының басшысы Ж.Сапаров балаларға жазғы демалыстарын жақсы өткізуге, салауатты өмір сүру салтын ұстауға, тұлғалық дамуын жетілдіру мен шығармашылықпен айналысуға және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырды. Салтанатты жиында оқушылар белсене атсалысып, өз өнерлерін көрсетті. Жазғы сауықтыру алаңында іс - шараларға қатысқан белсенді оқушылар марапатталып, естелік суретке түсті. Сонымен қоса барлық балаларға тәттілермен бірге балмұздақтар таратылды.	https://www.facebook.com/share/v/1DoKv5JoV4/
29	Біз қамқоршы баламыз құстарға ұя саламыз акциясы	#Біз_қамқоршы_баламыз_құстарға_ұя_саламыз_ #акциясы_ #Шардара_мектеп_лицейі_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде құстарға қамқорлық таныту, сондай ақ, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында жанашырлық сезімін қалыптастыру мақсатында «Біз қамқоршы баламыз, құстарға ұя саламыз» атты тақырыпта жоғарғы деңгейде іс – шара өтті. Бүгінгі шараны, аталған білім ордасының директоры Сапаров Жанат Әуелтайұлы ашып, сөзінде құстарды күтіп баптауға, аялауға, мейірімділікпен қарауға шақырып, оқушыларымыздың құстарға қамқорлық танытып	https://www.facebook.com/share/v/1BzBgHLWfp/

		өз қолдарымен ұя жасап, жем шашып, қамқорлық жасап, акцияға қолдау көрсетті. Сонымен қатар, ұстаздар мен оқушылар «Құстар» әнін айтып, жақсы көңіл-күймен акцияға белсене қатысты!	
30	Мен сүйген мамандық	#Біртұтас_тәрбие_ #Мен_сүйген_мамандық_ #мега_тренинг_ #Шардара_мектеп_лицейі_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушыларға алдағы уақытта заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт – бағдар беру, мамандықтың қызығы мен қиындығы болатындығын жете ұғындыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқушының өзі таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, дұрыс таңдау жасауына көмектесу, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсатын айқындай білуге қабілеттерін арттыру мақсатында жоғарғы сынып оқушыларымен «Мен сүйген мамандық» атты тақырыпта педагог – психолог Жумабаева Феруза апайымыз беп кәсіптіп бағдар беру педагогы Кидирова Ақнұр әріптесіміз мега – тренинг жоғарғы деңгейде өтті. Меге тренингкке директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ахатова Гүлнұр, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Қалшабеков Сембай, педагог – психолог Жумабаева Феруза, кәсіптіп бағдар беру педагогы Кидирова Ақнұр және қосымша білім беру педагогы Тұяқова Гүлшат әріптестеріміз қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/1Pf9iKuD1V/

31	Ас адамның арқауы	#Oqu_agartu_ministrligi #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Адал_азамат_ #Ас_адамның_арқауы_ #Ас_болсын_	https://www.facebook.com/share/v/1C22Fy1Uii/
32	Асханадағы бір күн	#Oqu_agartu_ministrligi #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Адал_азамат_ #АСХАНАДАҒЫ_БІР_КҮН_	https://www.facebook.com/share/v/19isXMQQnL/
33 34	Нашақорлыққа жол жоқ кездесу	#Біртұтас_тәрбие_ #НАШАҚОРЛЫҚҚА_ЖОЛ_ЖОҚ_ #Кездесу_ #Шардара_мектеп_лицейі_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 26.02.2024ж. №337 санды хатын негізге ала отырып «Шардара» мектеп – лицейінде оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға яғни, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында «НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» атты тақырыпта 9-11 сынып оқушылары және ата – аналарымен ҚҚІҚБ – ның ЖПҚ ЮПТ – ның, нарколог дәрігерлердің, СӨСҚО өкілдері, мектеп-лицей инспекторы Тілегенова Ләззат, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ахатова Гүлнұр, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Қалшабеков Сембай, педагог-психолог Жумабаева Феруза әріптестеріміз қатысты. Кездесу барысында, «Жастар арасындағы нашақорлық», «Темекінің зияны» атты тақырыптарда баяндамалар оқылып, бейнефильмдер көрсетіліп, нашақорлықтың адам өміріне тигізер залалы жайында түсіндіріп, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. видеороликтер барысында нашақорлар және олардың күнделікті өмірлері жайында,	https://www.facebook.com/share/p/1ErKPY25zB/

		нашақорлықтың таралу жолдары туралы, есірткі айналымына байланысты Заң баптары айтылып, заңмен жазалану жауапкершілігі түсіндірілді. Оқушылары өз ойларын білдіріп, заң қызметкерлеріне сұрақтарын қойып, мардымды жауаптарын алды.	
35	Мақал- сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы	#Біртұтас_тәрбие_ #Балалар_кітапханасы_жобасы_аясында_ #Мақал_сөздің_азығы_жұмбақ_ойдың_қазығы_ #Шардара_мектеп_лицейі_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушылардың мақал-мәтелдерге деген сүйіспеншілігін оятып, ой-өрісін кеңейтіп, балалардың жан дүниесін байытып қана қоймай, терең ой салумен қатар, тұлға ретінде қалыптасуына игі әсерін тигізу мақсатында балалар кітапханасы жобасы аясында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты тақырыпта директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенбаева Әлия апайымыз 3 сыныптар арасында, жоғарғы дейгейде сайыс өтті. Сайыс барысында оқушыларды 6 топқа біріктіріп, әр топ ұраны мен құрамын таныстырып өтті, I – топ «Қыран», 3 «А» сынып, сынып жетекшісі – Айгүл Ибрагимова, II-топ «Болашақ», 3 «Ә» сынып, сынып жетекшісі – Досыбаева Индира, III – топ «Бүркіттер», 3 «Б» сынып, сынып жетекшісі – Дүйсебай Дана, IV-топ «Барыс», 3 «В» сынып, сынып жетекшісі –Тұрсымбетова Гүлмира, V-топ «Сұңқар» 3 «Г» сынып, сынып жетекшісі – Үсенбаева Дариға, VI-топ «Жалын» 3 «Д» сынып, сынып жетекшісі – Абдухаликова Камшат.	https://www.facebook.com/share/p/1EngYYhVvL/

		Топтық тапсырмалар: Таныстыру, Жалғастыр, Сұрақ-мақал, Кім тапқыр?, Жасырдым жұмбақ..., Мақал - тест шешу, Тақырыпты мақалдар, Анология, Ассоциация кезеңдерінен тұрды. Сонымен қатар, мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді. Мақал-мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық. Осы тұста мен осы мақал мен мәтел айырмашылығын түсіндіріп өткім келіп отыр. Мысалы: Мақалда қорытынды, тұжырымды түйін айтылады. Айтылар ой нақты толық жеткізіледі. Мысалы: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақалда елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр. Ал, мәтелде ой тікелей білдірілмей тұспалдап, жанамалап айтылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той». «Мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама» деген сөз тұспалдап айтылып тұр. Қорытындылай келе, қазылар алқасының шешімімін «Бас жүлде» «Болашақ» тобы, I орынмен «Сұңқар» тобы, II орынмен «Жалын» тобы, III орынмен «Бүркіттер» топтары марапатталды.	
36	Бракераж комиссиясы	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің асханасында бракераж комиссиясы тарапынан тазалық жағдайы мен ас мәзірінің сапасына жоспарлы тексеру жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/v/1CZuiVUqHs/
37	Ас адамның арқауы	#Oqu_agartu_ministrligi #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_	https://www.facebook.com/share/v/18usFUeGnC/

		#Адал_азамат_ #Ас_адамның_арқауы_ #Ас_болсын_	
38	Салауатты тамақтану	«Салауатты тамақтану»	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0gvtXbUwnTMgKawWuYhWvvUHC9L
39	Бракераж комиссия	#Oqu_agartu_ministrligi #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Бракераж_комиссиясы_ #тамақ_сапасын_бақылауда_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицей асханасында тамақ дайындау және тарату кезінде жеткізілетін өнімдердің сапасын және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауды бақылауды жүзеге асыру мақсатында бракераждық комиссия құрылып, тамақ сапасын күнделікті бақылауда. Бракераж нәтижесі дайын ыстық тамақ сапасын бақылау, тағамның дайындалған күні мен сағаты, тағамның атауы, бракеражды алу уақыты, органолептикалық бағалау нәтижелері журналында тіркеліп, комиссия мүшелері қол қойып отырады.	https://www.facebook.com/share/v/18WtWSrNVT/
40	«Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде жасөспірім балалардың бойында аутоагрессиивті, аутодеструктивті мінез-құлықтың, негативті ойлардың алдын алу арқылы өмірге деген құлшыныстарын, өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, өз мүмкіндіктерін анықтап, қоғаммен және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері мен сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02fFai3gaRqrfbbvhRX9ep9sfkpB612c

		алу» атты тақырыпта аудандық білім бөлімінің психолог әдіскері Маметова Динара Зеинабдинқызы жоғарғы сынып оқушыларымен кең көлемде алдын алу ағарту жұмыстарымен қатар тренингттер өтті. Іс – шараға аудандық «Жастар ресурстық орталығы КММ психологы Айгерім Бердалиева, аудандық білім бөлімінің психолог әдіскері Динара Маметова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Ахатова мектеп – лицей педагог - психологтары Феруза Жумабаева, Роза Кеңес қатысты. Іс – шара барысында «Бәтеңкедегі тас», «Бес қадам», «Мінез-құлықты тежей білу», «Сенім таяғы» атты жаңа форматтағы әдістермен қызықты ойындар арқылы оқушының ойын, мақсатын айқындады. Қорытындылай келе, көпшілігіміз басымызға түскен қиын сәттерден, қатты уайымдап, мазамыз кетеді, бойымызды жағымсыз эмоциялар яғни өздерін жаңа ғана түсінгендей кедергілер билеп алады. Бұл сезімді жеңу үшін біз ең алдымен бойымызға адамгершілік рухани құндылықтарды дарыта білуіміз қажет. Өмір болғаннан кейін өмір бізге бақыт пен байлықпен қатар алдағы уақытқа өмірге шыңдаласың деп, ақ пен қараны ажырата аласың деген ниетпен қиын сәттерді де береді екен.	
41	Бауырсақ пати	18 наурыз – «Ұлттық киім күні» «Бауырсақ пати» Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар, Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы, Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	https://www.facebook.com/share/p/1GsTvYZ7bv/

		Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты "Ас атасы нан, нан атасы дән" ұлттық дәстүрдегі тағамдарды дәріптеу мақсатында 5 «А» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Сатылғанова Мадина әріптесіміз "Бауырсақ пати" ұйымдастырып, бауырсақтың бес түрін әзірлеп, дәм тату үшін оқушылар мен ұстаздар алдымен бір мақал-мәтел немесе наурыз, көктем, салт - дәстүр туралы өлең айтып, бауырсақтан дәм татты.	
42	Қайырымдылық күні	«Қайырымдылық күні» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы №465 санды хатын негізге ала отырып, «Шардара» мектеп – лицейінде Наурыз мейрамын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі 10 күндік іс - шаралар құрылып, бекітіліп, жоспар бойынша бүгін, «Қайырымдылық күні» тақырыбында Наурыз – мейірім мен игілік айына орай, жағдайы төмен отбасыларға, еңбек ардагерлеріне, Батыр аналарға құрмет көрсету мақсатында көмек көрсету үшін «Қайырымды Ұлт» қайырымдылық акциясына үйірме жетекшілері белсене атсалысып, үйлеріне барып, үй шаруашылығына көмектесіп қайтты.	https://www.facebook.com/share/p/1BtVKeGtxB/
43	Қамқоршылық кеңесі	Қамқоршылық кеңесінің жиналысы	https://www.facebook.com/share/v/19bS1dqe5h/
44	«Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі	«Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі жалғасуда! Жақсылық – жүректен басталып, әлемді нұрға бөлейтін ұлы күш. Бүгінгі күні мектебімізде игі істерге үндейтін «Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі қарқынды түрде жалғасуда. Әрбір жасалған жақсылық – бір жүрекке қуаныш, бір жанға үміт сыйлайды. Оқушыларымыз мейірімділік, қамқорлық, сыйластық сынды асыл	https://www.facebook.com/share/v/1EzQVczYjV/

		қасиеттерді дәріптеп, айналасына жылулық таратуда. 🌿 Үлкенге – құрмет, 🌿 Кішіге – ізет, 🌿 Қоғамға – пайдалы іс. Бір игі іс – мың сауапқа бастар жол. Ендеше, жақсылық жасаудан шаршамайық, керісінше, жарысайық! 🤝 Жақсылық жасай білейік! 🤝 Жүректерге жылу сыйлайық! 🤝 Ізгі істер эстафетасын жалғастырайық! #ЖақсылықЖасапЖарысайық #МейірімдіЖүрек #ИгіІс #ШардараМектепЛицей	
45	Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау	· #Балаларды_зорлық_зомбылықтан_қорғау_ #Шардара_мектеп_лицейі_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 29.11.2023 жылғы № 2319 хатын негізге ала отырып, балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, өз - өзіне қол жұмсаудың алдын алу және олардың құқықтары мен әл - ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, мектеп – лицейіміздің педагог - психологы Жумабаева Феруза, Арын Арай, әлеуметтік педагогтары Мұсақұлова Қрлығаш, Алимбекова Раушан және АПБ-нің ЖПҚБ, ЮПТ, УПИ полиция капитаны Дүйсенов Марат, медбике К.Игіліковалардың қатысуымен 9 - 10 сыныптар арасында кездесу ұйымдастырылды. Педагог-психолог Жумабаева Феруза апайымыз өзіне - өзі қол салуға итермелейтін психологиялық өзгерістерге сыртқы қоршаған ортаның, әлеуметтік факторлардың және басқа түйіткілдердің себеп	https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0nJ7kEwJjA2KrCBrbLni1cEaY

		болып жататынын, сондықтан ата - ана мен балалар арасындағы көзқарас түзу болуы керек екендігін айтып өтті. ЖПҚБ, ЮПТ, УПИ полиция капитаны Дүйсенов Марат тұлғаның дағдарысқа ұшырау, басқа адамдармен тіл табыса алмауы, жеке адам ретінде даму мүмкіндігінің болмауы суицидке апаратындығы жөнінде өз пікірін айтып өтті. Арнайы келген мамандар оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, сонымен қатар, оқушыларымыз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптарын алды.	
46	Дүниежүзілік балаларды қорғау күні	#Дүниежүзілік_балаларды_қорғау_күні_ #балаларға_арналған_өмір_ #Балалар_игілігі_үшін_ Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Білім беру ұйымдарының оқушылары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері, мемлекеттік органдардың, педагогикалық, ата-аналар қоғамының, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін балалардың мүддесі үшін мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне қоғамның назарын аударуда біріктіру мақсатында 20 қараша «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндік іс – шара жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Балалар игілігі үшін» қайырымдылық акциясын мектеп – лицейіміздің әлеуметтік педагогтары Мұсақұлова Қарлығаш және Әлімбекова Раушан әріптестеріміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырып, өтті.	https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02bUV7nywnPJSuNuaf6hXju

47	«Бақытты, үлгілі отбасы» мүшелерімен кездесу	Түркістан облысы, Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде «Балалар жылы» аясында, қоғамда отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасын, ата – анасын, туыстарымен жақындарын бағалау, құрметтеу сезімдерін кеңейту және ұрпақтар сабақтастығын дамыту яғни, ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында «Бақытты, үлгілі отбасы» мүшелерімен кездесу өтті. «Бала - адамның бауыр еті» демекші, бала әкеден - ақыл, анадан - мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі, ана отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы, жақсы ана отбасына береке әкеліп, отбасын бақытқа бөлейді, демек қай ата - ана болмасын баласының білімді, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қалайды. Бала өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Қай халық болса да үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Отбасының аман – саулығы - әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі дей келе, отбасындағы шаңырақтың керегесі кең, мықты болуын, ананың жүрегінен жылулық, әрбір баланың жүзінен күлкі кетпесін! «Бақытты, үлгілі отбасы» атты тақырыпта бірлігі жарасқан отбасыны көпке үлгі етіп, өнеге етсек деп, Өмірзақовтар отбасы мен Джелтаевтар отбасыларына кездесуге барып, шаңырақтың иелерімен жақын танысып, үлгілі отбасына амандық және баянды отбасылық бақыт тілеп, ізгі ниеттерін білдіріп қайтты. #2022_жыл_Балалар_жылы_аясында_ #Бақытты_үлгілі_отбасы_	https://www.facebook.com/share/p/1CfZzEgzAs/

		#мүшелерімен_кездесу_ #Шардара_мектеп_лицейі_	
48	Балаларға базарлық	«Балаларға базарлық» #2022_жыл_Балалар_жылы_аясында #Балаларға_базарлық #1_маусым_Халықаралық_балаларды_қорғау_күні #Шардара_мектеп_лицейі Түркістан облысы, Шардара ауданы, аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде «2022 жыл Балалар жылы» аясында, «1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың жеке қасиеттерін дамытуға, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету және бір - бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу мақсатында мектеп – лицей ауласында «Балаларға базарлық» атты мерекелік шара өтті. Бала – біздің болашағымыз деп, мектеп - лицей директоры Сапаров Жанат Әуелтайұлы балаларды мерекемен құттықтап, білімді денсаулығы мықты азамат пен азаматша болып өсулеріне және мектептен тыс жазғы демалыс уақыттарын тиімді өткізулеріне, жаңа оқу жылында жақсы көңіл - күймен келулеріне тілек білдіріп, мектеп әкімшілігі атынан балаларға мерекеге орай бақытты балалық шақтың бал дәмі, балмұздақ пен тәтті сусындар таратты. Іс – шараны мектеп – лицейіміздің әлеуметтік педагогтары Мұсақұлова Қарлығаш, Алимбекова Раушан әріптесіміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырды.	https://www.facebook.com/share/p/1DpKcXqYp8/

49	«Жан жылуы» қайырымдылық акциясы	«Жан жылуы» қайырымдылық акциясы Түркістан облысы, Шардара ауданы, аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты, «Шардара» мектеп – лицейінде балаларға қамқорлығымызды аямай, оларды аялай білейік деген мақсатпен мерекелік кешімізге мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері және мектебіміздің ата – аналар кеңесінің төрағалары 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай, «Жан жылуы» тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, жоғарғы деңгейде өтті. «Жақсылыққа жақсылық, Әр кісінің ісі. Жамандыққа жақсылық, Ер кісінің ісі – дей келе, салтанатты жиынды мектеп – лицей директоры Сапаров Жанат Әуелтайұлы ашып, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтып, өмірдің әрбір сәтін бағалай біліп үйренуге шақырды. «Өскен – өңір» газетінің бас редакторы, мектебіміздің ата – аналар кеңесінің төрағасы Лаханов Сәбит мырза мерекемен құттықтай келе, қамқорлыққа мұқтаж жандарға көмек беруге әзір екендігін айтып өтті. Мектеп – лицей ұжымы қайырымдылық акциясына ұйымшылдық танытып, ауызбіршілікпен қатысты. Сондай – ақ, ертеңге талпыныс, игі істе ұмтылыс адамзатқа тән құбылыс – демекші, әркез жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық.	https://www.facebook.com/share/p/1GGwbhnaWm/

		#Жан_жылуы_атты_қайырымдылық_акциясы #Шардара_мектеп_лицейі	
50	Қамқоршылық кеңесі отырысы	Қамқоршылық кеңес отырысы Түркістан облысы, Шардара қаласы, Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде 28.01.2022ж. күні Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті. Мектеп – лицей директоры Сапаров Жанат Әуелтайұлы 2021 – 2022 оқу жылының I – ші жарты жылдығында мектептегі атқарылған жұмыстар туралы қамқоршылық кеңес алдында есеп берді. Есеп беру барысында бала қауіпсіздігін сақтау, оқу – тәрбие процесінде жүргізілген жұмыстар, жетістіктер мен бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуы басым бағыттар негізінде көрсетілді. Сондай – ақ, Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп – лицей тәрбиеленушілерінің жағдайымен танысу үшін оқу – тәрбие процесіндегі іс-шаралардың жоспарымен танысып, ас мәзірінің нормаға сай болуын көріп шықты. Сонымен қатар отырыс барысында Қамқоршылық кеңес төрағасын жаңадан сайлады. Кеңес мүшелері бір ауыздан кеңес төрағасының қайта сайлануына, яғни Мархабай Мұсахан ағайдың төраға болуына келісім білдіріп, қолдады. Мектептегі әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетуге дайын екендігін айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептегі атқарылып жатқан жұмыстарға қанағаттанып қайтты. #Қамқоршылық_кеңесі_отырысы #Балалар_жылы #Шардара_мектеп_лицейі	https://www.facebook.com/share/p/19mdYhLBRv/